



# Жаңа жыл құтты болсын!

Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№51-52 (907-908) Сәрсенбі 18-25 желтоқсан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтың төрағалығымен «Smart Data Ukimet» ақпараттық жүйесінің жұмысы талқыланған Үкімет отырысы өтті.

Үкімет отырысынан кейін онда көтерілген мәселелерге орай жиын өткізіліп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді. Жиында «Smart Data Ukimet» ақпараттық-талдау жүйесіне жасанды интеллектті енгізу, отбасылардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне ең көп әсер ететін факторларды анықтайтын модульді жүзеге асыру тапсырылды.

Бүгінде «Smart Data Ukimet» ақпараттық-талдау жүйесінде барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық басқармаларға 160 есептік жазба ашылып, ішіндегі кейстер мен дэшбордтарды күнделікті жұмыста пайдалануда. «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесінде Қызылорда облысының 224 187 отбасы немесе 852 944 адам тіркелген.

Азаматтарға белсенді қызмет көрсету бағытында әлауқат деңгейі, экономикалық, әлеуметтік және тұрғын үй жағдайлары, денсаулық сақтау, білім саласы бойынша тиісті мемлекеттік органдар адресстік жұмыс жүргізуде.

Мәжілісте бюджеттің толық игерілуі, мереке күндері

коммуналдық қызметтердің тұрақты әрі қалыпты режимде жұмыс істеуі, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларының негізсіз өсуін болдырмау, өрт және санитарлық талаптардың қатаң сақталуын, бейберекет саудаға жол берілмеуін қамтамасыз ету қатаң тапсырылды.

Айта кету керек, коммуналдық қызметтердің күшейтілген режимде үздіксіз қызмет көрсетуін, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын бақылауда ұстау үшін облыс аумағында тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

Қала, аудан әкімдері мен облыстық басқарма басшылары алдағы жоспарларды іске асыруға әзірлікті пысықтауы тиіс. Атап айтқанда, бюджеттің игерілуі, аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал және өзге де маңызды мәселелер ұдайы бақылауда болуы керек.

Сонымен қатар, мәжілісте ауа райының суытуына байланысты «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы сенбілік жұмыстары уақытша тоқтатылып, коммуналдық тазалық мекемелері штаттық режимде жұмыс жасауы керектігі атап өтілді.

## ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ КҮН

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балаларға дәстүрлі Президент шыршасы өтті.

«Сыр елінің армандар шыршасы» атты шытырман оқиғалы жаңа жылдық ертеңгілікке Қызылорда қаласынан және аудандардан 9-13 жас аралығындағы үздік жетістікке қол жеткізген 200 оқушы қатысты. Шыршаға келген бүлдіршіндер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының құттықтауы мен естелік сыйлықтарын алып, театрландырылған қойылым тамашалады. Шара барысында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың оқушыларға деген ыстық лебізі мен жаңа жылдық құттықтауы жеткізілді.

Сыр өңірінде 337 мектепте 184 мыңнан астам оқушы және 678 балабақшада 50 мыңға жуық бала білім мен тәрбие алуға, аймақта өскелең ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуы үшін үлкен жобалар қолға алынып, жаңа нысандар ел игілігіне табысталды.

«Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында физика-математика мектеп-интернаты, «Шығармашылық-инновациялық орталығы», музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынуда. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орындық мектеп пайдалануға берілді. Бүгінде 6000 оқушыға арналған 9 мектеп салынуда, жыл соңына дейін 4-үй іске қосылады.

Биыл жыл басында 550 орындық 2 мектеп, жаңа оқу жылы қарсаңында Шиелі ауданында 100 орындық Жаңақорған ауданында 150 орындық мектеп шәкірттерді қабылдады. 5 мектептің жанынан қосымша құрылыс салынды, 8 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Қызылорда қаласында демеушілер есебінен 350 орындық «Оқушылар сарайы» ашылды. Жақын күндері Жаңақорған ауданынан 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» пайдалануға берілді.

Биылғы жыл білім бәйгесінде



де жетістікке толы жыл болды. 102 сырбайлық өрен халықаралық, республикалық дәрежедегі ғылыми жобалар мен олимпиадалардың жеңімпазы атанды. Облыстың пәндік олимпиадалық командасы жаратылыстану-математика бағытында республикада командалық есепте ІІ орынды, қоғамдық-гуманитарлық бағытта ІІІ орынды иеленді.

Өңірімізде балаларды әлеуметтік қолдау басты назарда. Биыл 1-4 сыныптарда оқитын 62918 және әлеуметтік осал отбасыдан шыққан 5-11 сыныптағы 26654 оқушыға, барлығы 89572 балаға тегін ыстық тамақ берілуде. Бұл саладағы қолға алынған бастамалардың бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта да білім саласына мемлекеттік қолдау шаралары жалғасын табатын болады. Айта кету керек, 25 желтоқсан күні Астана қаласында өтетін Президент шыршасына облысымыздан түрлі сайыстарда жеңімпаз атанып, үлгілі тәртібімен және үздік оқуымен көзге түскен 5 оқушы қатысады.



еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың І жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2800 теңге;**

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

• Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!  
• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.**

## ЖАҢА АВТОСАЛОН АШЫЛДЫ

Қала көлемінде шетелдік брендтегі автокөлік сататын 10-ға жуық дилерлік орталық халыққа қызмет көрсетуде. Осындай орталықтардың қатарын "Geely" автосалоны толықтырды.

Мұнда тұтынушыларға арналып көліктің таңдаулы маркалары ұсынылған. Салон иесі Бағдат Ибраев 1 млрд. теңгеге жуық инвестиция құйып ашқан орталықта 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Сұлтан Бейбарыс көшесі, №56 А мекенжайда орналасқан орталықтың аумағы 4 640 шаршы метрді құрайды. Сұранысы жоғары автокөліктерді сатылымға шығаратын автосалон сапалы қызмет көрсетеді. Брендті автокөлік салонның ашылу салтанатына қатысқан қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов орталық ұжымының қызметіне сәттілік тіледі.

«Мемлекет бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес субъектілерін құру, бизнесті сапалы дамыту, оның экономикадағы үлесін арттыру мәселесіне баса мән береді. Біз кәсіп иелерін уақытта қолдауға әрқыз дайынбыз. Жаңа автосалонның халыққа сапалы қызмет ете беруіне тілектеспін!»-деді Пакуатдин Шамұратов.

Айта кету керек, биыл облыс орталығындағы жеке кәсіпкерліктің 1 мың 409 жобасы барлық қаржы көздерінен 30 млрд теңгеге қаржыландырылды. Нәтижесінде, қала кәсіпкерлерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылған адамдар саны 65 мыңнан асты. Өндірісі өркендеген шаһарда шағын және орта кәсіпкерлікпен 300 млрд теңгеге өнім өндірілді.

## ЫСТЫҚ СУҒА ҚОСУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерді орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл ауқымды жобаға Мемлекет басшысының қолдауымен, облыс әкімінің үйлестіруімен Үкімет резервінен 26 млрд. 200 млн. теңге бөлінген болатын. Ыстық сумен қамту екі кезең бойынша атқарылады.

Жуырда алғашқы болып «Сол жағалау», «Астана» мөлтек аудандарындағы көпқабатты тұрғын үйлер ыстық суға қосылды. Жыл соңына дейін жоспарға енгізілген өзге де көпқабатты үйлердің тұрғындары ыстық суға қол жеткізеді.

Қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай көпқабатты тұрғын үйлердегі ыстық су қосу жұмыстарының барысын қадағалап, тұрғындардың талап-тілектерін тыңдады. Өзіндерінің жүйелерінің толық және сапалы ауыстырылуын мердігер мекеме басшыларына қатаң тапсырып, бұл жұмыстар аймақ басшысының тікелей бақылауында екендігін жеткізді. Ерекше атап өткен жөн, ыстық сумен қамту арқылы тұрғындар электр энергиясы мен қаржы үнемділігін реттейді. Бұдан бөлек, көпқабатты тұрғын үйлердегі су қысымы жоғарылайды. Сол арқылы ауыз су мәселесі онтайлы шешіледі. Өзіндерінің барлық жүйелер мердігер мекеме тарапынан тегін жаңартылады.

## 2 МЫҢҒА ЖУЫҚ КӘСІПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы бірлесіп бизнестің заңды құқығын қорғау мақсатында «Бизнеске жол» жобасы аясында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жоба аясында жыл басынан бері 1 850 кәсіпкерлік субъектісінің құқығы қорғалды.

Департаменттің ақпаратына сәйкес жыл басынан бері «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп өңір кәсіпкерлерінен 10 кездесу өткізілген.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызметі халықтың әлеуметтік және экономикалық

жағдайын көтеруге, облыс тұрғындарын толғандыратын жүйелі проблемалық мәселелерін шешуге бағытталған. Негізін кәсіпкерлердің тарапына әкімшілік бердігерлер мемлекеттік сапып алу, гранттар беру, сұйытылған газды бөлу, құрылыс, жер қатынастары және сәулет салалары бойынша шағымданады.

Мұндай жағдайларда департамент уәкілетті органға тиісті ұсыныстар жолдайды. Нәтижесінде кәсіпкерлердің өтініші оң шешімін тауып, тиісті қаражаттары толық аударылады, – делі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Қуаныш Ахметқалиев.





## САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында қала әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Оған облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеуімбаев, қалалық мәслихаттың төрағасы Ибадулла Құтықожаяев және қалалық мәслихаттың түрлі шақырылымындағы депутаттар, ардагерлер қатысты.

Шаһар басшысы жиналған қауымды Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығымен құттықтап, депутаттарды қала халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобалармен бастамаларды іске асыруға қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

«Сыр өңірінде тәуелсіз еліміздің мәслихаттар жүйесінде үлгі еңбек еткен, қызмет жасап жүрген депутаттарымызды халық жақсы біледі. Өзім де бұған дейін Өздеріңізбен депутаттық корпуста бірге қызмет жасадым, қазір әріптестік байланысымыз

нығаға түсті. Сіздердің қажырлы қызметтеріңізге, әділетті шешімдеріңіз бен қолдауларыңызға аймақ басшысының және өзімнің атымнан алғысымды білдіремін», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында түрлі шақырылымдарда депутат болған ардагерлер «Қазақстан мәслихаттарына – 30 жыл» төбелгісімен, қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Салтанатты шара соңында жиналған қауым депутаттық бөлмедегі фото-шежіремен танысты.

## «АРТСПОРТ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Жаналинов Данияр Еренғалиұлының төрағалығымен құқық қорғау органдарының жауапты өкілдері, тиісті салалық басқарма басшылары қатысқан жиын өтіп, «Артспорт» бағдарламасын зерделеу барысы пысықталды.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес облыстық прокуратура жанындағы құрамында құқық қорғау органдары бар жұмысшы тобы «Артспорт» бағдарламасымен жұмыс жасайтын өнім берушілерді тексеруде. Бүгінде жұмысшы топ 19 субъектінің жұмысын саралап, 127,2 млн.тенге қаражатты заңсыз иемдену фактілерін анықтаған. Анықталған бұзушылықтардың 106,1 млн.тенгесі мәдениет саласына, 21,1 млн.тенгесі спорт саласына тиесілі. Тиісті басқармалармен қатар, жергілікті атқарушы органдардың, қала және



аудан әкімдіктерінің көмегімен «Даму бала» платформасына тіркелгендер арасынан ата-аналары 5740 баланың шын мәнінде шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларға қатыспайтынын растап отыр. Күшейтілген зерделеуден соң өнім берушілер жалған тізімге тіркелген 13 731 баланы алып тастаған. Облыс әкімінің бірінші орынбасары

Д.Жаналинов осы бағыттағы жұмысты тиісті мамандарды жұмылдырып күшейтуді және жеделдетуді тапсырды.

Айта кету керек, мәдениет және спорт басқармалары зерделеу қорытындысы шыққан соң, 125 кәсіпкермен келісім-шартты біржақты бұзған. Оның ішінде 55 кәсіпкер өз еркімен жұмысын тоқтатқан. Қазір 16 кәсіпкер заңсыз иемденген қаражатын өз

еркімен бюджетке қайтаруда, бұл бағыттағы жұмыс әлі де жүруде.

Облыс әкімінің тапсырмасымен жыл көлемінде жүргізілген мониторинг нәтижесінде бұл мақсатқа қаралған қаржының 3 млрд.тенгеден астамы бюджетке қайтарылды. «Артспорт» бағдарламасын зерделеу барысы облыс әкімдігінде апта сайын тұрақты қаралатын болады.

## ПСИХОЛОГТАРҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ ӨТТІ

«АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының жанындағы «Әйелдер қанатының» психологиялық бағыты бойынша «Психологиялық қызмет: заманауи көзқарас және кәсіби дағдыдан шеберлікке» тақырыбында тренинг өтті. Басқосуға қаладағы білім ордаларының психолог мамандары қатысты.

Шара шымалдығын «Әйелдер қанатының» облыс бойынша жетекшісі Алтынай Молжанова ашып, тренингке қатысушыларға сәттілік тіледі.

Тренинг барысында Phd doctor Philosophy, тәжірибелі психолог, Еуропалық гешталт терапия қауымдастығының (EAGT) аккредитациялық талаптарына сәйкес сертификатталған Гешталт терапевт, Қазақстан Психологтар Одағының төрайым орынбасары Асанова Салтанат Сайлауқызы, Қазақстан Республикасы Президентінің

жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының доценті, психол. ф.к., «АМАНАТ» партиясының облыстық филиалы бойынша Қоғамның әл-ауқатын қолдау мақсатында психологиялық қызмет институтын дамытуға жәрдемдесу бағытының жетекшісі Аяғанова Алмагүл Жәнділдақызы және Анаға тағзым орталығының Психолог маманы Ерғеш Аруна Асылбекқызы қажетті білім дағдыларымен бөлісті.



## «ТЕНІЗ ТАҒДЫРЫ» АТТЫ КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТТІ

Облыстық кітапханада жазушы-журналист Айжарық Сәдібекұлының 85 жылдығына орай «Тарихқа қалам тербеген» атты еске алу кеші ұйымдастырылды.

Кешке зиялы қауым өкілдері, замандастары, кітапхана оқырмандары қатысты. Шара барысында Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облыстық филиалының төрайымы, ақын Қ.Есімсейітова, Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты А.Әбілов, жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының

мүшесі Б.Ұзақбаев және А.Сәдібекұлының балалары жазушы жайлы көптеген естеліктер айтты. Шара соңында қаламгердің «Теніз тағдыры» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Сондай-ақ Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қорынан А.Сәдібекұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

## СОТТАЛҒАНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №60 мекемесінде сотталған азаматтарды өмірге деген көзқарасын өзгерту, жақсарту мақсатында мекемеде жазасын өтеушілерді жұмыспен қамту арқылы еңбегін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Өндірістік аймақта бос ғимараттарды сенімгерлік басқаруға беріледі. Нысанды жалға беру 0%-ды құрайды. Жалға алған өндірістік белгіленген орынға ғана коммуналдық жүйеге су, жарық үшін төлем төлейді. Сондай-ақ, өндіріске күзетші жалдаудың қажеті жоқ. Сотталғандар арасында дайын білікті жұмысшылар жетерлік. Ал, айлық жалақы бойынша мөлшерлеме белгіленген.

Қылмыстық-атқару кодексінің 119-бабының 1 бөлімінде көрсетілгендей олар жұмыс істеуге құқылы. Осы баптарды іске асыру барысында мекеменің өндірістік аумағын жалға алып, кәсібін дөңгелетіп отырған 12 жеке және ЖШС сотталғандарды жұмыспен қамтып отыр. Солардың бірі – «Еңбек» РМҚ, «Еңбек-Қызылорда» филиалы мекеменің өндірістік аумағында газаблок,

пескаблок, бетон, дәнекерлеу, тігін, колонер цехтары бойынша жұмыстарын атқаруда.

«Сотталғандарды жұмысқа орналастыру кезінде олардың жасына, денсаулық жағдайына, еңбекке қабілеттілігіне қарай жұмысқа орналастырамыз. Қазіргі таңда мекеменің өндірістік аймағының жұмыспен қамту орталығында 463 сотталған азамат еңбек етіп, жалақыларын уақытылы алып отыр дейді», – сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру бөлімінің аға инспекторы, әділет капитаны А. Абдреймова

Жалпы, түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың қамтылуы тек сот шығындарын өтеу, отбасына жалақы бағытында қолдау көрсету ғана емес, сонымен қатар жазасын өтеушілердің түзеу тәсіліне үйренуіне ықпал етеді.

## ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ШЫРШАСЫ ӨТТІ



Өнер орталығында қала әкімінің бүлдіршіндерге арналған Жаңа жылдық шыршасы өтті.

Жаналық пен жұмбаққа толы таңғажайып ертегілер мекеніне айналған Жаңа жылдық мерекелік іс-шараға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы және әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасының балалары, мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндер және білім, өнер, спортта зор жетістіктерге қол жеткізген талантты да дарынды оқушылардан барлығы 100 бала

қатысты.

Жаңа жылдық шырша салтанаты оқушылар сарайының өнерпаздары әзірлеген қойылымымен басталды. Қызықты кешке жиналған балалар Жаңа жылдық шыршаның басты контактары Аяз ата мен Ақшақарға өз өнерлерін көрсетіп, керемет сыйлықтарға ие болды.

Жаңа жыл мерекесі – балалар үшін ұмытылмас оқиға. Өйткені, олардың бақытты жүздерін, шынайы күлкілерін көруден артық ештеңе жоқ. Соған сай мереке қуанышында шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы балаларды құттықтап, өтіп бара жатқан 2024 жылы білім саласының жеткен жетістіктеріне тоқталды.

«Шаһарымыздың өздеріңдей білімді де, талапты жастары әлемнің ең озық оқу орындарында білім алуға, спорт саласында да биік белестерді бағындыруда. Сыр елінің абыройын көтерген сол аға-әпкелеріңнен үлгі алып, зерделі де зерек, білімді де білікті болындар. Жаңа жыл өздеріңе де, сендерді мәңгілеп өсіріп отырған ата-аналарыңа да тек жақсылық әкелсін. Алдағы Жылан жылы – қазақ дәстүрінде ақыл-парасаттың, сақтықтың және терең ойдың символы саналады. Ендеше Жылан жылы жетістіктер жылы болсын!» – деп шаһар басшысы балаларға сыйлықтар табыстады.

Ертегі қойылымдары мен концерттік бағдарлама ғажайыпқа толы кешті жандандыра түсті.

«Ел тілегі» ақпарат



## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада басқарма басшысы Мира Қазбекованың төрағалығымен кітапхана саласында атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі жасалды. Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана директоры Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы жыл көлемінде атқарылған жұмыстардың есебін бере отырып, алдағы уақытқа қойылып отырған мәселелер мен міндеттерге тоқталды. Ұлы Жеңістің 85 жылдығы мен Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына арналған шаралардың басталып кеткені, кітапхана саласында республикалық, облыстық жобалардың қолға алынғаны жайлы айтты. Басқосуда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана директоры Арысбаев Бауыржан Мыңжасарұлы да өз саласындағы атқарылған келелі жұмыстар мен келер жылға қойылып отырған міндеттер туралы есеп берді. Басқарма басшысы сала қызметкерлері жылды табысты қорытындылағанын айта отырып, бірқатар кітапханашыларға басқарма атынан мерекелік құттықтаулар мен Алғыс хаттар табыстады.

Қорытынды жиналыс соңында басқарма басшысы Мира Жомартқызы елімізде өтіп жатқан «Ауыл кітапханаларына 100 кітап» акциясын қолдау мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың атынан Жаңақорған ауданы Сүттіқұдық ауылдық кітапханасына және Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық кітапханасына кітаптар тарту етті. Есеп беру жиналысына облыс, аудан, ауыл кітапханашылары қатысты.





# АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзінде асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.



Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қойылады. Әрине, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидағары негізінде өз еңбегіне сай мансаптық өсу мүмкіндігімен қатар олардың моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің қызметі Кодекске белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп бұзушылықтар жасау фактілері әлі де орын алууда. Мысалы, 2024 жылдың 11 айында Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері негізінде Кодекс талаптарын бұзғаны үшін 4 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 5 мемлекеттік қызметші әр түрлі тәртіптік жазаларға тартылған. Атап айтсақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаменттің қарауына түскен Қызылорда қаласы тұрғынының шағымы негізінде Қызылорда қаласының

көзделген талаптарын бұзғаны үшін полиция басқарма басшысының бұйрығымен оған «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланды. ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әлсіздік және бейәдеп мінез-құлдық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сыңға себепкер болмауы тиіс делінген талаптар қойылған. Дегенмен, дербес бөлімінің басшысы полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізу әрекетімен аз-ша Г.-ның тарапынан сыңға себепкер болған. Яғни, тексеру барысында жинақталған құжаттармен және дәлелдермен бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын бұзушылығына жол бергендігі анықталды. Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, кеңес шешімімен Қызылорда қаласының әкіміне оған «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жазаны қолданулы ұсынылды. Шешімді қарау нәтижесімен Қызылорда қаласы әкімінің 2024 жылғы 7 қарашадағы №311 өкімімен бөлім басшысына «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жазаны қолданылған. Яғни, Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде аз-ша Г.-ның бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

**Т.НУРТАЕВ,**  
**Департаменттің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы**



# ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ – ЖОЮ МІНДЕТ

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінде ветеринария мамандығы оқытушыларының ұйымдастыруымен «Жемқорлық індет – жою міндет» тақырыбында, қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, білім алушылардың еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой – пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды қураметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде көптеген сұрақтар туындады. Колледжіміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс – офицері Бағдаулет Дербісәліұлы да қойылған сұрақтарға жауап беріп, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында көрсетілгендей жетістікке жету, сыбайлас жемқорлыққа тек біртұтас ағза сияқты күрескенде ғана жетеміз – деп сөзін аяқтады.

Дөңгелек үстелге Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің, бас маманы Қозбағарова Жанар Жалғасбайқызы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс – офицері Жаппасбаев Әлібек Бақытжанұлы, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс – офицері Дурман Бағдаулет Дербісәліұлы шақырылды, және де колледжіміздің оқытушылары мен студенттері, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі, Болашақ университетінің жоғары колледжінің 2-ші, 3-ші, 4-ші курстың білім алушылары қатысты. Дөңгелек үстелге әр оқу орындарынан баяндамашылар келіп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты дайындаған баяндамалары оқылып, талқыланды. Дөңгелек үстелге шақырылған қонақтарға білім алушылар мен қатысушылар арасынан сұрақтар қойылды. «Жемқорлық – сыбайластың серігі әлбетте, бірлесіп жасалатын бұл қылмысқа, тосқауыл болуымыз құба – құп» - дегендей, Әлібек Бақытжанұлы баяндамадан туындаған әр түрлі сұрақтарға жауап беріп, қатысушы білім алушыларға «Сыбайлас жемқорлықпен перменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлық – қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзек жарды проблемаға айналып отыр, – ел ішіне білінбей кірген індет секілді. Ал біздің осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданар қаруымыз – ол қоғам. "Қоғам – өмірдің айнасы" дейміз. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз»-деп, өз пікірін кеңестерін айтып өтті.

Дөңгелек үстелімізге арнайы шақырылған Жанар Жалғасбайқызы өз сөзін: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет. Насихаттау ісі де ұшан – теңіз септігін тигізеді» - деп бастап, ол «"Бастаушы болса қостаушы бар". Бұрыннан із ашары ашып берген бұл бастамамен күресудің, ізбасары болып үлес қосайық» - деп, дөңгелек үстелге келген қатысушыларға және білім алушыларға өз ақыл-кеңестерін айтып қорытындылады. «Жемқорлық індет – жою міндет» тақырыбындағы дөңгелек үстел жоғарғы деңгейде, әсерлі өтті. Дөңгелек үстелдің соңында баяндамашыларға алғыс хаттар табысталып, естелікке суретке түсу рәсімі болды.

**М. КЛЫШБАЕВА,**  
**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы**

# ЭХИНОКОККОЗДЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ – САНИТАРЛЫҚ САРАПТАУЫ

Эхинококкоз Қазақстанда кең тараған аурулардың бірі. Бұл көбінесе қой шаруашылығында кездеседі. Эхинококкоз жылдың барлық мерзімінде шығады. Шаруашылықта эхинококкозды малға жұқтыратын шопанның иттері. Иттің нәжісімен эхинококк буындары күн сайын мыңдап далаға шығады. Жерге түскен буындар жылан сияқты жиырылып ілгері қарай жүріп береді.



Ауру белгілері. Эхинококкоздың ауру белгілері айқын емес. Бершімекпен өкпе зақымдалса, сиыр қозғалып жүрген сайын ұзақ уақыт дем алысы жиілеп, тынысы тарылады. Жүргенде мал ұзақ уақыт баяу жөтеледі. Сыртынан малдың өкпе тұсын тындап, күңгірт даусы естіледі. Мал бірте - бірте арықтайды. Бауыры зақымдалған малдың қарны оң жақтан томпайып шығып тұрады. Қабырғаның астынан еттеп салмақ салып басса, мал ауырысына бастайды. Егер жылғауық әлдекалай жарылып кетсе, мал көп кешікпей уланып өледі. Өйткені, жылғауықтың суы бойға қан арқылы сінеді де мал уланады.

Диагнозы. Эхинококкозға диагноз қою өте қиын. Өйткенімен, малдың тынысы алуына, жөтелгеніне қарап не бауырдың оң жақтан ұлғаюын есепке алсақ, онда эхинококкозға уақытша болжама диагноз қоюға әбден болады.

Сонғы кезде эхинококкозға иммунологиялық (аллергиялық) диагноз қоюды қолдана бастады. Емдеу. Эхинококкозды личинка сатысында емдеу әдістері әлі табылған жоқ. Сақтық шаралары. Эхинококкозбен күресуде ауру таратып жұқтырушыларды – соңғы және аралық тасымал иелерін құртудың зор маңызы бар. Осы мақсатпен эхинококкозды бар шаруашылықтарда мынадай шаралары іс жүзінде асыру қажет. Мал отарларындағы, күзетші, қызметші және аңшы иттерді зақымданған органдармен тамақтандыруға болмайды. Ондай органдарды құртады немесе залалсыздандырылады. Өлген малдың өлекесі дер кезінде жинап алынып, ит жей алмайтын орындарға тасталады.

Иттерді дегельминтизациялау үшін ареколин қолданылады. Оны нанмен, туралған етпен немесе сүтпен бірге 24 сағат ашықтырғаннан кейін салмағының 1 килограмна 0,002 – 0,004 г мөлшерінде береді. 10 күннен кейін емді қайталайды. Дегельминтизацияланғаннан кейін итті бір күн бойы байлап ұстап, бөлінген нәжісін жинап алып құртады, ал сол төніректі тегіс зарарсыздандырады. Дегельминтизациялау 8 рет жүргізілген жағдайда бұл шара тек алғашқы екі дегельминтизациядан соң жүзеге асырылады.

Сойыс өнімдерінің ветеринариялық – санитарлық бағасы. Қаңқа бұлшық еті, ішкі мүшелер эхинококкозбен жаппай зақымданғанда, сарғыш тартқанда және арық болғанда ұшалар мен мүшелерді утильдейді. Ұша мен ішкі ағзалар аз мөлшерде зақымдана, оларды залалсыздандырып көпіршіктерден тазартқаннан кейін жібереді. Барлық конфискактарды етқоректілер инвазиясы ретінде өңдейді.

**Л. КАРАМАНОВА,**  
**Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі**

Бұралқы иттер мен шаруашылыққа қажеті жоқ иттер құртылып, барлық күзетші, қызметші, мал отарларындағы және аңшы иттері тіркеуге алынады. Иттерді мал сойылатын жерлерге, мал қораларына және жем – шөп сақталатын орындарға жіберуге болмайды. Сондай – ақ бір отардағы иттерді екінші отарға ауыстыруға және отарларға малдәрігерінің рұқсатсыз ит әкелуге тиым салынады. Шаруашылыққа қажетті барлық иттер әлсіз – әлсіз дегельминтизацияланып отырылады: мал отарларындағы иттер жылына 8 рет (әрбір 45 күн сайын, қалғандары – 4 рет (әрбір 3 айдан кейін).

# БАСТЫ МІНДЕТ – ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Азаматтардың заңды мүдделерін қорғау – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте департаментке келіп, шағымын жеткізген әрбір азаматтың мәселесі қараусыз қалмайды.

Айта кетейік, жыл басынан бері Департаментпен 16 қызмет алушының құқығы қорғалып, қалпына келтірілді.

Атап айтқанда, биылғы жылдың желтоқсан айында Шиелі ауданының тұрғыны азамат Шиелі Х.М Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің алушылары білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидасына» сәйкес Қызылорда облысы Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі білім беру ұйымдарына «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін алуға жүргінен.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жұмыстары Департаменттің негізгі басым бағыттарының бірі болып қала бермек. Осы бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табағын болады. Егер Сіздің мемлекеттік қызмет алуға құқықтарыңыз бұзылған болса, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне шағымдануыңызға болады.

Нәтижесінде білім беру ұйымдары тарапынан бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызмет көрсетілмегені анықталды. Департаментпен аталған бұзушылыққа қатысты дереу ден қою шараларын қабылдау нәтижесінде қызмет берушімен аталған өтінімдерге жауаптар ұсынылып, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс 1.  
Байланыс нөмірлері: 8 (7242) 70-56-36, 70-00-40.

**Е.Ж. МЕНДАЛИЕВ,**  
**Департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы**

Қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуына жол бергені үшін тиісті жауапты тұлғалар түрлі тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Осы ретте, Департамент

# КИІК КИЕЛІ ЖАНУАР



Киікті қазақта киелі жануар деп есептейді. Ел арасында оларды атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар. Ақбөкен – жұп тұяқты жануарлардың ішіндегі ең өсімталы, жылына бір рет төлейді. Олардың басты жауы – қасқырлар және өзіміз, яғни броканьерлер. Қазіргі таңда, «Киік» кең ауқымды табиғат қорғау акциясын өткізу мақсатында ҚР аумағында 2024 жылдың 01-31 желтоқсан аралығында құзырлы органдармен бірлескен рейдтер ұйымдастырылуда. Қазіргі кезде, тыйымдар мен шектеулерге қарамастан ақбөкен аңдарын заңсыз аулау, ату жағдайлары тыйымдар емес. Қорыта келгенде табиғат байлығын келер ұрпаққа сақтап, аманат етіп қалдыруға өз үлесімізді қосайық.

**«Жалаған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік қорғамсыз» КММ**





## ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

2025 жыл – жылан жылы қазақ халқын не күтіп тұр? Жылан жылы адамдарға ұқыптылық, шешімталдық және мақсаттарға жетуде табандылық сыйлайды. Шығыс күнтізбесіне сәйкес 2025 жыл – жылан жылы болады. Жылан шығыс мәдениетінде даналықтың, сабырлықтың және терең ойдың символы ретінде көрініс береді. Бұл жыл адамдардың ішкі дүниесін дамытуға, маңызды шешімдер қабылдауға және өмірді жақсартуға қолайлы уақыт болмақ.

Шығыс күнтізбесі әр адамның туған жылының белгісіне байланысты жыл әсерін сипаттайды. Жылан жылы адамдарға ұқыптылық, шешімталдық және мақсаттарға жетуде табандылық сыйлайды. Бұл жыл әсіресе шығармашылық адамдар мен стратегиялық ойлайтындарға табыс әкелуі мүмкін. Астрологиялық тұрғыда 2025 жыл жеке дамуға, қарым-қатынасты нығайтуға және жаңа бастамаларға бағытталады. Астрологтар бұл жылды:

\*Ішкі үйлесімге жету кезеңі;

\*Жаңа жобаларға батылдық таныту мүмкіндігі деп атайды.

Қазақстан үшін 2025 жыл мемлекеттік бағдарламалардың жаңа кезеңдерімен, мәдени іс-шаралармен және экономикалық реформалармен есте қалуы мүмкін. Әлемде жасыл технологиялар, жасанды интеллект және әлеуметтік мәселелердің шешімі басты назарда болады деп күтілуде.

2025 жылды қалай қарсы алуға болады?

\*Өзіңізді дамығыңыз: Білім алу, жаңа дағдыларды игеру және денсаулығыңызды күту маңызды.

\*Сабырлық болыңыз: Жылан жылы асығыс әрекеттерге жол бермейді, сондықтан шешімдерді мұқият қабылдаңыз.

\*Жаңа бастамалардан қорықпаңыз: Жыланның күш-қуаты сіздің батыл қаламдарыңызды қолдайды.

2025 жыл – терең ойлану, дана шешімдер қабылдау және мақсаттарға жету кезеңі. Шығыс күнтізбесі бойынша бұл Жылан жылы болса, астрология оны жеке даму және үйлесімділік жылы деп сипаттайды. Келесі жылды табысты өткізу үшін армандарыңызды айқындап, оларға жетуге талпыныңыз!

## ҮЗДІК СЫР СПОРТШЫЛАРЫ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен жыл көлемінде үлкен жетістіктерге қол жеткізген үздік спортшыларды, жаттықтырушылар мен қызметкерлерді марапаттауға арналған мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты шараға облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев, облыстық мәслихат депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Садық Мұстафа және спортшылар мен БАҚ өкілдері қатысты. Бұл туралы Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы хабарлады.

Шарада алғы сөз сөз басқарма басшысы Бахтияр Фарифоллаұлы аталған спорт мектебінің үздік атануымен құттықтап, спортшыларға үнемі қолдау көрсетілетінін жеткізді. Сондай-ақ, алдағы уақытта Сыр спортшыларының биік шыңдарды бағындыруына үлкен сенім білдірді. Өз кезегінде басқарма басшысы ең үздік спортшыларды, жаттықтырушыларды және ең үздік спорт бөлімдерін марапаттап, арнайы алғысхат табыстады.

Сонымен қатар мерекелік шарада Садық Шоңмұрынұлы үздік нәтиже көрсеткен бірқатар бапкерлерді марапаттаса, спорт мектебінің директоры Берік Қасымбеков жоғары деңгейде өнер көрсетіп жүрген жыл үздіктерін және спорт саласының дамуына зор үлес қосып жүрген қызметкерлерді марапаттап, құрмет көрсетті. Мерекелік шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, әуелеген әннен шашу шашылды.

Айта кетейік, қаладағы №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 16 спорт түрінен 1 576 спортшы қамтылған. Биыл аталған спорт мектебінде 121 - спорт шеберіне кандидат, 7 -ҚР спорт шебері, 1 - халықаралық дәрежедегі спорт шебері дайындалды. Қазіргі таңда онда 53 жаттықтырушы спортшыларды кәсіби бағытта жаттықтыруда.

## МӘМС: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан медициналық ұйымдардың деректер базасы жаңа жеткізушілерімен толықтырылуда. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша, тізімге келесі кызмет түрлерін көрсететін медициналық ұйымдар енгізілген: Консультациялық-диагно-

стикалық көмек;

Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек;

Стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек;

Стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек;

Жоғары технологиялық медициналық көмек;

Шұғыл және жоспарлы сто-

матологиялық көмек;

Медициналық оңалту;

Бағдарламалық диализ;

Онкогематологиялық наукастарға медициналық көмек;

Паллиативтік медициналық көмек;

Осы медициналық қызметтерді өңірде қандай жеткізушілер мен бірлесіп орындаушылар көрсететінін осы

жерден көре аласыз

ТМҚКК және МӘМС аясында медициналық қызмет көрсететін барлық медициналық ұйымдарының тізбесі Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайтында, «Қор жеткізушілерінің картасы» батырмасында орналастырылған (сілтеме: <https://msqory.kz/kk/postavshchikam/karta-postavshchikov/>)

## ОСМС: СПИСОК ПОСТАВЩИКОВ МЕДУСЛУГ ПО ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Пополняются новыми поставщиками медицинских услуг база данных медицинских организаций, заключивших договор с Фондом социального медицинского страхования.

По информации филиала Фонда социального медицинского страхования по Кызылординской области, в перечне указаны медорганизации, оказывающие следующие виды услуг:

Консультативно-диагностическая помощь;

Специализированная медпомощь в амбулаторных условиях;

Специализированная медпомощь в стационарозамещающих условиях;

Специализированная медицинская помощь в стационарных условиях;

Высокотехнологичная медпомощь;

Экстренная и плановая стоматологическая помощь;

Медицинская реабилитация;

Программный диализ;

Медицинская помощь онкогематологическим больным;

Паллиативная медицинская помощь;

Посмотреть, какие поставщики и соисполнители в регионе оказывают данные медицинские услуги можно здесь

Перечень всех медицинских организаций, которые оказывают медицинские услуги в рамках ГОБМП и ОСМС, размещен на официальном сайте Фонда социального медицинского страхования, во вкладке «Карта поставщиков» (ссылка: <https://msqory.kz/ru/postavshchikam/karta-postavshchikov/>)

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ СПОРТШЫЛАР 3 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Қарағандыда өткен ересек ұлдар және қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында Сыр өңірінің атынан барған былғары қолғап шеберлері жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, 80 кг салмақ дәрежесінде Бектас Азамат I орын алып, алтын жүлдені қанжығаға байлады. Ал, 48 кг салмақ дәрежесінде Ақбота Болат II орынға ие болып, күміс медаль алды. 54 кг салмақта Ақтілек Орынбасар Ақтілек жүлделі III орын алып, қола медальға ие болды.

Жаттықтырушылар: Ғалымжан Байғұндиев, Жүсіп Жәміл, Құлыбаев Бакытбек, Төкенов Сейтжан.



Қарағанды 2024



## 2025 ЖЫЛЫ МӘМС-КЕ ҚАНША ТӨЛЕЙМІЗ?

Қазақстандағы ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғы деңгейде қалатындықтан, МӘМС төлемдерінің көбісі өзгермейді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында дербес төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер үшін жарналарды есептеу негізі ретінде ең төменгі жалақыны алатынын еске салды. 2025 жылы оның мөлшері сол күінде қалады – 85 000 теңге. Демек, жарналар мөлшері де өзгермейді. Жұмыс берушілер мен жұмысшылар үшін ставкалар да өзгеріссіз қалады – сәйкесінше 3% және 2%.

Тек біржолғы төлем мөлшері өзгереді – 21,5%-дан 23,8%-ға дейін, сондай-ақ жеңілдетілген категориядағы азаматтар үшін мемлекет тарапынан жарналар мөлшері өзгереді – орташа айлық жалақының 1,9%-ынан 2%-ына дейін, бұл көрсеткіш өткен екі жылдағы ағымдағы қаржы жылының орташа айлық жалақысынан есептеледі. Бұл мәліметті мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының орташа айлық жалақысы 364 295 теңгені құрады.

Осылайша, 2025 жылы МӘМС төлемдерінің мөлшері келесідей болады:

- Жұмыс берушілердің жарналары – қызметкердің табысынан 3%;
- Жұмысшылардың жарналары – табыстың 2%-ы;
- Біржолғы төлем төлеушілер – жалақы қорынан 23,8%;
- Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалардың жарналары – табыстың 2%-ы;
- Жеке кәсіпкерлердің, жеке практикамен айналысатын тұлғалардың жарналары – 5 950 теңге (АЕК-тің 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы, сәйкес қаржы жылының республикалық бюджет заңымен бекітілген);
- Дербес төлеушілердің жарналары – 4 250 теңге (АЕК-тің 5%-ы);
- Мемлекет тарапынан МӘМС-ке төленетін жарналар – 7 285,9 теңге.

МӘМС жарналарын «Қазпошта» АҚ, екінші деңгейлі банктердің қасалары мен мобильді қосымшалары, сондай-ақ терминалдар арқылы төлеуге болады.

Еске салайық, МӘМС жүйесіндегі мәртебені келесі жолдармен тексеруге болады:

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сайты: [msqory.kz](https://msqory.kz)
- Telegram-бот (<https://t.me/SaqandaryBot>)
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- Кейбір екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары
- [egov.kz](https://egov.kz) электронды үкімет сайтының «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі төлемдер мен жарналар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

## «СИНТЕТИКА» ТАСЫМАЛДАҒАН КҮДІКТІ ҰСТАЛДЫ

Қызылордада полицейлер аса ірі мөлшердегі синтетикалық есірткіні тасымалдаған азаматшаны ұстады.

Қызылорда облысында ҚР Ішкі істер министрлігінің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі қызметкерлері облыстық прокуратураның үйлестіруімен «Нашақорлыққа жол жоқ» жобасы аясында арнайы желел-іздістіру шараларын жүргізді. Осы шаралардың нәтижесінде 16 желтоқсанда Ақтөбе қаласынан Байқоңырға дейін 5,66 грамм көлеміндегі аса ірі мөлшердегі синтетикалық есірткі – мефедронды зансыз немденіп, тасымалдаған азаматша ұсталды. Күдіктіге қатысты сот шешімімен екі ай мерзімге қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды.



«Ел тілегі» ақпарат

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор  
Егиншибаева Анар  
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:  
Тоқмағамбетов көшесі 36 а,  
1 қабат 4 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана  
Индекс 66503  
Таспырыс №288

E-mail: [gazeta\\_eltilegi@mail.ru](mailto:gazeta_eltilegi@mail.ru)  
Электронды нұсқасы:  
<https://ret-gazeta.kz/>